

ONLINE МЕКТЕП СЕРВИСИ АРҚЫЛЫ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

МАЗМҰНЫ:

1. Кіріспе.
2. Online Mектеп сервисінің мазмұны. Саралау (А, В, С деңгейлері).
3. Сабақтың мазмұнына қойылатын талаптар.
4. Бағалау жүйесі.
5. Оқу экожүйесі ретіндегі Online Mектеп мүмкіндіктері.
6. Қашықтан оқытуды ұйымдастыру және өткізу.
7. 1, 2, 3-қосымшалар.
8. Глоссарий.

1. КІРІСПЕ.

«Bilim Media Group» ЖШС 2011 жылдан бастап цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеумен айналысады және 2015 жылдан бастап білім беру саласында ҚР-ның барлық мектебіне сапалы қызмет көрсетіп келеді.

Компанияның мақсаты – инновациялық технологияларды қолдана отырып, білім сапасын көтеру.

«Bilim Media Group» компаниясының білім беру ресурстары – **Bilimland.kz, iTesT.kz, iMektep.kz, Twig-Bilim.kz** – 2014 жылдан бастап жыл сайын ҚР Білім және ғылым министрлігінің сараптамасынан өтеді және білім беру мекемелерінде пайдалануға ұсынылған («Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерінің тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес). Сондай-ақ ресурстар «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ, Ұлттық тестілеу орталығы және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламалары орталығы секілді беделді ұйымдардың оң пікіріне ие болды.

2020 жылдың наурыз айында, коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты еліміз бен әлемде төтенше жағдай енгізілген кезде, «Bilim Media Group» компаниясы ҚР-ның барлық мектеп оқушыларын онлайн оқытуды ұйымдастыру жауапкершілігін өз мойнына алды және бүкіл республикаға IV тоқсанның барлық негізгі пәні бойынша қазақ және орыс тілдерінде 3000-нан астам бейнесабақ ұсынып, қашықтан оқыту форматын сәтті жүзеге асырды.

Жаңа 2020-2021 оқу жылына қарай орта білім беру мазмұнының жаңартылған бағдарламасына сәйкес контентпен қатар, орта білім беру ұйымдарындағы оқу процесін ұйымдастыруға да, дербес оқуға да арналған функционал – **Online Mектеп** сервисі әзірленді. Бұл «мұғалім-оқушы» дәстүрлі моделі бойынша қашықтан оқытуды ұйымдастырушы мұғалім үшін де, мұғаліммен қарым-қатынас жасай отырып оқуды немесе өз бетінше білім алуды қалайтын оқушы үшін де кешенді шешім болып отыр.

Бұл сервисті әзірлеудегі мақсат – қашықтан оқытудың барлық түрін ұйымдастыру әрі аралық және қорытынды бағалау жүргізу бойынша орта білім беру жүйесіне кешенді шешім ұсыну.

2020-2021 оқу жылы контент әзірлеу үшін «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Білім беру бағдарламалары орталығының үздік 500 әдіскері мен білім беру контентін әзірлеушісі әдіскерлік және сарапшылық қолдау көрсетіп отыр.

OnlinMektep сервисінде Қазақстан Республикасының МЖМБС-ға сәйкес мектеп бағдарламасының барлық пәні бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі 500 000-нан астам цифрлық сабақ қамтылған.

2. ПЛАТФОРМАНЫҢ МАЗМҰНЫ. САРАЛАУ (А, В, С ДЕҢГЕЙЛЕРІ).

Onlin Mektep сервисі **Bilimland.kz** білім беру платформасында құрылған

Bilimland.kz – қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мектепке дейінгі даярлық, бастауыш, орта және жоғары сыныптарға арналған толыққанды интерактивті сабақтар жиынтығы. Қазіргі сәтте платформада 40 000-нан астам интерактивті сабақ, қазақ және орыс тілдеріндегі 27 пән, ағылшын тіліндегі 16 пән және қосымша үш ресурс бар, олар:

- **iTest** – ОЖСБ-ға (Оқу жетістіктерін сырттай бағалау), қорытынды аттестаттауға және Ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) дайындалуға арналған электрондық тренажер. Қазіргі сәтте базада қазақ және орыс тілдерінде 70 000-нан астам сұрақ пен тапсырма бар. Сондай-ақ оқушылар кез келген жерде және кез келген уақытта ашып, емтихан тапсыруға дайындала алатын мобильді қосымша әзірленген.
- **iMektep** – бастауыш мектептің негізгі 7 пәні: қазақ тілі, әдебиеті, математика, дүниетану, көркем еңбек, музыка және өзін-өзі тану бойынша қазақ тілінде әзірленген, бастауыш сыныптарға арналған 170-тен аса тақырып қамтылған бірегей ресурс.
- **Twig-Bilim** – химия, физика, биология, математика, география және жаратылыстану бойынша мектеп бағдарламасының негізінде дайындалған 1000-нан аса үш минуттық қызық видеодан тұратын кешен. Фильм дайындау үшін бастапқы материалдар BBC және Associated Press секілді беделді бейнематериалдар әзірлеушілердің мұрағатынан алынды. Кешен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылған.

2020 жылдың қыркүйек айына қарай мектеп оқушыларын қашықтан оқытуды ұйымдастыру мақсатында Bilimland.kz платформасында қазақ және орыс тілдерінде 1-сыныптан 11-сыныпқа дейін оқу материалын ұсынатын Online Mektep сервисі әзірленді.

Цифрлық сабақтардың барлығы МЖМБС стандарттарына және жалпы білім беретін мектептердің ҰОЖ-ларына сәйкес оқушылар бөлімді өткенде меңгеруі тиіс күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар мен оқу мақсаттарына сәйкес (лингвистикалық пәндер – сөйлеу қызметінің әр түрі бойынша) әзірленген («Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығына сәйкес)

Видеотүсіндіруде және/немесе конспектіде оқушылардың сыни ойлау, алған білімді қолдану, талдау, синтездеу, бағалау дағдыларын, зерттеу дағдыларын, сондай-ақ функционалдық сауаттылықты дамытуға көмектесетін контентті/теориялық материалды қамтитын, жаңартылған мазмұн бойынша оқу бағдарламаларының оқу мақсаттарына сәйкес теориялық материалдың түсіндірмесі беріледі. Теориялық материал міндетті түрде практикаға бағдарланған мысалдармен бекітіледі. Видеотүсіндіру және/немесе конспект оқушылардың қызығушылығын, тапсырмаларды өз бетінше орындауға құлшынысын тудырады, әуесқойлыққа және белсенді қызмет етуге ұмтылдырады, оқу мақсаттарына қол жеткізуде сенімділігін арттырады. Сабақ тақырыбына қарай, Блум таксономиясы бойынша жоғары деңгейде ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін сұрақ қою техникалары мен оқушылардың қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған әртүрлі уәждеу тәсілдері қолданылған. Сондай-ақ теориялық материалды түсіндіру кезінде оқушыларды оқу процесіне тартуға мүмкіндік беретін эксперименттердің, тәжірибелер мен құбылыстардың аудио- және бейнематериалдары пайдаланылады.

Интерактивті тапсырмалар видеотүсіндіруде және/немесе конспектіде көрсетілген оқу мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдеседі, сабақтың өткен материалын түгел қамтиды. Тапсырмалар құрылымдалған, саралауды көздейді, сондай-ақ бұрын өткен оқу материалының деңгейін ескере отырып құрастырылған, оның ішінде оқу мақсаттарына сәйкес келетін формативті бағалау әдістері мен техникасы ескерілген.

Бастауыш мектеп пәндерінің тізімі (екі оқу тіліндегі)

№	Пәндер	Предметы
1	Сауат ашу	Обучение грамоте
2	Қазақ тілі	Русский язык
3	Әдебиеттік оқу	Литературное чтение
4	Орыс тілі	Қазақ тілі
5	Ағылшын тілі	Английский язык
6	Математика	Математика
7	Дүниетану	Познание мира
8	Жаратылыстану	Естествознание
9	Көркем еңбек	Художественный труд
10	Музыка	Музыка

11	Дене шынықтыру	Физическая культура
12	АКТ	ИКТ

Орта мектеп пәндерінің тізімі (екі оқу тіліндегі)

№	Пәндер	Предметы
1	Қазақ тілі	Русский язык
2	Қазақ әдебиеті	Русская литература
3	Орыс тілі мен әдебиеті	Қазақ тілі мен әдебиеті
4	Ағылшын тілі	Английский язык
5	Математика	Математика
6	Геометрия	Геометрия
7	Алгебра	Алгебра
8	Алгебра және анализ бастамалары	Алгебра и начала анализа
9	Информатика	Информатика
10	Жаратылыстану	Естествознание
11	Физика	Физика
12	Химия	Химия
13	Биология	Биология
14	География	География
15	Қазақстан тарихы	История Казахстана
16	Дүниежүзі тарихы	Всемирная история
17	Құқық негіздері	Основы права
18	Музыка	Музыка
19	Көркем еңбек	Художественный труд
20	Дене шынықтыру	Физическая культура
21	Графика және жобалау	Графика и проектирование
22	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері	Основы предпринимательства и бизнеса

Әр пән бойынша тапсырмаларды әзірлеу кезінде жаңартылған оқу бағдарламасы басшылыққа алатын педагогикалық қағидаттар мен тәсілдер сақталған. Пәндердің ерекшелігін ескере отырып, әр пән бойынша оқушылардың құзыреттерін қалыптастыру және дамыту үшін ойлау қызметінің деңгейлеріне сәйкес тапсырмалар да деңгейлерге бөлінген (саралау: А, В, С деңгейлері):

Online Мектеп- тің негізгі деңгейлері	Дағдылар	Сипаттамасы
А	Білу	Нақты фактілерді, ақпаратты білу, қайталау (еске түсіру) және сипаттау.
	Түсіну	Дұрыс қайталау (еске түсіру), болжау немесе түсіндіру арқылы ақпаратты түсінетінін көрсету.
В	Қолдану	Ақпаратты және бұрын алған білімін жаңа әрі бейтаныс контексте немесе жағдайларда қолдану.
С	Талдау	Уәжін немесе себептерін анықтау арқылы түрлі ұйғарым жасау, ой қорыту және/немесе ортақ қағидаларды негіздеу үшін дәлел табу үшін ақпаратты зерделеуге, ақпараттық материалды құрамдас бөліктерге бөлуге қабілетті екенін көрсету.
	Синтездеу	Бұрын алған білімінің әртүрлі бөліктерін жаңа контексте құрылымдауға қабілетті екенін көрсету.
	Бағалау	Белгілі бір критерийлер бойынша идеялар мен фактілердің маңыздылығы туралы пікір қалыптастыру.

Әр критерий бойынша балл (1-ден 10-ға дейін)* қоюды, оқушы жұмысының сипатын (категорияларын) және проблемалы аймақтар бойынша ұсынымдарды анықтау мақсатында, Online Мектеп рубрикаторында Оқушылардың білімін бағалау

критерийлерінің

тізбесі

көрсетілген.

Добавлено примечание ([1]):

Добавлено примечание ([2]): мынаның қазақша скринін қоя салу керек

Online Mектеп-тері бағалау рубрикаторы				
Online Mектеп-тері негізгі оқу жетістіктерінің деңгейлерінің атаулары	Online Mектеп-тері негізгі оқу жетістіктерінің деңгейлерінің атаулары	Оқу жетістіктерінің деңгей бойынша баллдары	Оқу бағдарламасын меңгеру сапасы	Online Mектеп-тері бағалау рубрикаторы
төменгі/бастапқы деңгей 	Level A1	1-2 балл	1-20%	Сен оқу тапсырмаларының 20% -ын орындадың. Өрескел қателер жіберілген. Оқу материалының көптеген немесе маңызды бөліктерін білмейтінің анықталды. Саған барлық қателерді ескеріп, оларды жөндеуге талпыну керек. Саған оқу тапсырмаларын орындау үшін міндетті түрде мұғалімнің көмегі керек.
	Level A2	3 балл	21-30%	Сен оқу тапсырмаларының 30% -ын орындадың. Маңызды қателер жіберілген. Қателеріңді жөндеуге талпыну керек. Саған оқу тапсырмаларын орындау үшін мұғалімнің көмегі керек.
	Level A3	4 балл	31-40%	Сен оқу тапсырмаларының 40% -ын орындадың. Оқу материалдарын игерудегі жекелеген қателер жіберілген. Оқу тапсырмаларын орындау кезінде көбірек зейін қойып, қателеріңді жөндеуге талпыну керек.
орта/базалық деңгей 	Level B1	5 балл	41-50%	Сен оқу тапсырмаларының 50% -ын орындадың. Оқу бағдарламасының негізгі түсініктерін білесің, бірақ түрлі жағдаяттарда біліміңді қолдануда қиындықтарға жолығасың. Саған жаңа жағдаяттарда біліміңді қолдануға берілетін тапсырмаларды орындау үшін мұғалімнің көмегі керек болады."
	Level B2	6 балл	51-60%	Сен оқу тапсырмаларының 60% -ын орындадың. Сен оқу бағдарламасына жататын түсініктерді білесің, бірақ осы материалды игеруде кішігірім қателіктер бар. Біліміңді түрлі жағдаятта өздігіңнен қолдануды үйренуң керек. Саған жаңа жағдаятта біліміңді қолдануға қойылатын тапсырмаларды орындау үшін мұғалімнің көмегі керек болуы мүмкін.
	Level B3	7 балл	61-70%	Сен оқу тапсырмаларының 70% -ын орындадың. Оқу бағдарламасы қамтитын түсініктерді жақсы білесің. Білімді қолдану тапсырмаларын орындауда толықтай сенімді емессің және мұғалімнің көмегіңсіз істеуге қиналасың. Саған жаңа жағдаятта біліміңді қолдануға берілетін тапсырмаларды орындау үшін мұғалімнің сал көмегі керек болуы мүмкін.
жоғары/ілгері деңгей 	Level C1	8 балл	71-80%	Сен оқу тапсырмаларының 80% -ын орындадың. Оқу материалын түсіну мен түрлі жағдаяттардағы білімді қолдану қабілеті бар. Қажетті шешімдер мен жалпылау ойды қалыптастыруда қиналасың. Осы оқу материалын өзіндік анализ жасауда сенімдірек болуың керек.
	Level C2	9 балл	81-90%	Сен оқу тапсырмаларының 90% -ын орындадың. Оқу материалын түсіну мен түрлі жағдаяттардағы білімді қолдану қабілеті бар. Қажетті шешімдер мен жалпылау ойды қалыптастыруда кішігірім қателіктер жібердің. Осы оқу материалын өзіндік анализ жасауда сенімдірек болуың керек.
	Level C3	10 балл	91-100%	Сен оқу тапсырмаларының 100% -ын орындадың. Оқу материалын түсіну мен түрлі жағдаяттардағы білімді қолдану қабілеті бар. Қажетті шешімдер мен жалпылау ойды қалыптастыруды өздігіңнен жасай аласың. Осы оқу материалын өзіндік анализ жасауды меңгергенсің.

*02.09.2020 жылғы «2020-2021 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы оқу процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хатқа сәйкес формативті бағалау 1-ден 10-ға дейін балл қою арқылы жүзеге асады.

3. ONLINE МЕКТЕП САБАҒЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Online Мектеп цифрлық сабағының **мақсаты** мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (бұдан әрі – МЖМБС) мен үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес сапалы оқу материалдарын ұсыну арқылы жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшеліктерін ашуды көздейді. Сабақ мазмұнды іріктеудің, оқуды өмірмен және практикамен байланыстырудың дидактикалық қағидаттарына сәйкес келеді әрі оқу мақсаттарына қол жеткізуді, оқушылардың оқу материалын ыждаһаттылықпен меңгеруін қамтамасыз етеді.

Сабақ тек пәндік білім алуға ғана емес, оқушыларға тіршіліктің кез келген саласында қолдану үшін алған білімін түйіндеуге, нәтижеге қол жеткізудің тиімді жолдарын табуға, танымдық мәселелерді шешудің баламалы соны тәсілдерін іздеуді үйренуге мүмкіндік беретін метапәндік дағдыларға қол жеткізуге бағытталған.

Сабақты әзірлеудің педагогикалық тәсілдері

Сабақ мазмұнын әзірлеу және құрылымдау кезінде мына негізгі тәсілдер ескерілді:

- *«жүйелік-қызметтік тәсіл»* – сабақ мазмұны мен дидактикалық бөлігінің оқушылардың проблемалы мәселелерді шешуге арналған білім мен дағдыларды меңгеруін, оқушылардың практикалық және зерттеу дағдыларын дамытуды көздеуі. Оқу мақсатын іске асыру кезінде «қарапайымынан неғұрлым күрделісіне қарай», «нақтыдан абстрактілігіне қарай» қағидатын сақтау маңызды;

- *интерактивтік тәсіл* – сабақтың дидактикалық бөлігінің мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынасы мен байланысын ұйымдастыруды көздеуі;

- *тұлғаға бағдарланған тәсіл* – сабақ мазмұны мен дидактикалық бөлігінің тұлғалық қажеттіліктерді дамытуды көздеуі;

- *құзыреттілік тәсілі* – кең спектрлі дағдыларды қалыптастыруға бағытталу, практикаға бағдарланған оқу сипатын іске асыру.

Сабақты ұйымдастыру және өткізу барысында осы тәсілдер өзара астасып жатады.

Сабаққа қойылатын дидактикалық талаптар

Сабақтың дидактикалық кешені ғылымилық, қолжетімділік әрі оқушысы шамасына сай болу, саналылық әрі белсенділік, теорияның практикамен байланысты болуы, жүйелілік, бірізділік, сабақтастық және көрнекілік секілді негізгі қағидаттарға негізделген. Заманауи сабақтың тұжырымдамасы дәстүрлі дидактикалық қағидаттармен қатар, мыналарға:

- ғылыми дәйектілік және ғылым мен технологияның қазіргі заманғы жай-күйіне сай болу қағидатының сақталуына;

- білу, түсіну, қолдану, талдау, синтездеу, бағалау секілді дағдылар деңгейінің бірізділігіне негізделген оқу мақсаттарының таксономиясы қағидаттарының сақталуына;

- критерийлік бағалауға;
- тапсырмалар мен жаттығулардың барлық түрінің құрамдас бөлігі болатын өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалауға негізделеді.

Жоғарыда көрсетілген қағидаттарға сүйене отырып, сабақтың компоненттерін әзірлеу кезінде мыналар:

- жалпыадамзаттық және ұлттық-мәдени құндылықтардың негізінде қазақстандық компоненттің, тәрбиелік және әлеуметтендіруші әлеуеттің болуы;

- оқу материалы мазмұнының, көлемінің, күрделілік деңгейінің, тереңдігінің МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкестігі;

- ғылымилық және қолжетімділік теңгерімінің сақталуы;

- сабақтастық, жүйелілік әрі бірізділік қағидаттарын ескере отырып, оқу материалдарын кейінгі сыныптарда білімін спиральдық арттыру тәртібімен ұсыну;

- сабақ материалдарының оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуы;

- материалды мәселе түрінде баяндау тәсілін пайдалану;

- теориялық және практикалық материалдардың теңгерімділігі, алған білімді практикада қолдану мүмкіндігі;

- оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға, олардың қабілеттері мен құзыреттерін дамытуға бағытталу;

- бұған дейін алған білімін жаңғырту және қолдану негізінде әртүрлі деңгейдегі шығармашылық, практикалық, практикаға бағытталған, жобалық, эксперименттік және зерттеу тапсырмаларын әзірлеу ескерілді.

Сабақ мазмұнын әзірлеуге қойылатын пәндік айрықша талаптар

Жаратылыстану пәндерінің сабақтары қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы тұрғысынан түсіндірілетін әлем келбетінің негізінде жатқан фундаменталды және негізгі ұғымдардың, заңдылықтардың, теориялар мен қағидаттардың, ғылыми табиғаттану әдістерінің негізінде біртұтас ғылыми әлем келбетін қалыптастыруды; гипотеза жасау, практикалық сабақтар, эксперименттер мен зерттеулер құрылымдау, модельдеу және өткізу іскерліктерін игеруді қамтамасыз етеді.

«Математика» пәнінің сабақтары математикалық білімнің фундаменталды негізін игеруді, функционалдық сауаттылықты, сыни, алгоритмдік және операциялық ойлау, кеңістіктік елестету, математика мен информатиканың әртүрлі тілдерін пайдалану қабілеттерін қамтамасыз етеді.

Гуманитарлық цикл пәндерінің сабақтары ғылымилық, объективтілік, тарихилық және сабақтастық қағидаттарының сақталуын, оқушылардың тарихи тұрғыдан ойлау, өткен мен бүгінді, олардың өзара байланысын түсіну және ұғыну дағдыларын қалыптастыруды, талдау, негізді және объективті қорытынды жасау іскерліктерін дамытуды қамтамасыз етеді.

Тілдік пәндердің сабақтары оқушыларда сөйлеу қызметінің төрт түрін (оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу) дамытуды және көптілді әрі көпмәдениетті әлемнің біртұтас келбетін түсінуді қамтамасыз етеді.

Оқушылардың пәндік құзыреттерін қалыптастырумен қатар, оны жалпы мәдени, тұлғалық әрі танымдық тұрғыдан дамыту және білім алу іскерлігін қалыптастыру маңызды, бұл қазіргі заманғы тұлғаны қалыптастырудағы басты міндет болмақ. Сондықтан Online Мектеп-те оқыту кезінде пәндік құзыреттермен (пәнді оқу кезінде оқушылардың зерттелетін салаға тән білімді, іскерліктерді, дағдыларды, шығармашылық қызмет тәжірибесін, құндылықтық нұсқамаларды меңгеруі) бірге **метапәндік білім мен дағдыларға** – білім алу процесінің аясында да, шынайы өмірлік жағдайларда да қолданылатын әмбебап қызмет тәсілдерін меңгеруге – ерекше көңіл бөлінеді.

Бағдарламаны меңгерудің метапәндік нәтижелері

1	Креативті ойлау
2	Сыни ойлау
3	Зерттеу дағдылары
4	АКТ дағдылары
5	Коммуникативтік дағдылар
6	Ынтымақтастық
7	Мәселені шешу
8	Сауаттылық
9	Санай алу
10	Ақпараттық сауаттылық
11	Деректермен жұмыс істеу сауаттылығы
12	Физикалық сауаттылық /Денсаулықты күту
13	Өз әрекетін реттеу/ Өзін-өзі бақылау
14	Оқушылардың проактивтілігі
15	Жаңа құндылық қалыптастыру
16	Жауапкершілік алу
17	Болжау
18	Іс-әрекет
19	Рефлексия
20	Жаһандық құзыреттер
21	Медиасауаттылық
22	Тұрақты дамуға қажет сауаттылық
23	Есептеп ойлау
24	Қаржылық сауаттылық
25	Кәсіпкерлік
26	Жүйелі ойлау

Осылайша, Online Мектеп-тегі оқу процесіне метапәндік құзыреттерді қосу оқу тәжірибесін тек оқу ақпаратын ұғыну мен жете түсінуге ғана емес, әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыруға да бағыттайды.

4. ONLINE МЕКТЕП-ТЕГІ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Оқу жылындағы оқу үлгерімі мен прогресі туралы дерек жинау үшін, критерийлік бағалау құрылымын айқындайтын екі түрлі бағалау: формативті бағалау және жиынтық бағалау жүзеге асырылады. 02.09.2020 жылғы «2020-2021 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы оқу процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хатқа сәйкес формативті бағалау 1-ден 10-ға дейін балл қою арқылы жүзеге асады.

Online Мектеп-те формативті бағалау оқушылардың цифрлық сабақтардағы тапсырмаларды орындауы арқылы жүзеге асады, ал ондағы ұсынылатын балл автоматты түрде қойылады және оқушылар үлгерімінің мониторингінде көрініп тұрады.

Мұғаліммен кері байланыс жасалып, қойылған балды (1-ден 10-ға дейін) түзетуге болатындықтан, бұл қорытынды бағалау **емес**. «Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критерийлік бағалау жөніндегі нұсқаулыққа» («Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы, Астана, 2017 жыл) сәйкес формативті бағалау оқушы мен мұғалім арасындағы үздіксіз кері байланысты қамтамасыз етеді. Бұл ретте оқушы қателесуге және оны түзетуге құқылы. Бұл бағалау нәтижесі сынып журналында көрсетіледі.

Жиынтық бағалау пәндер бойынша бағалау жүргізу кестесі мен стандарттарына сәйкес Online Мектеп платформасында бөлім/тоқсан бойынша өткізіледі. Бағалаудың бұл түрін педагог тікелей өзі жүргізеді.

Оқушылардың бөлімді немесе тоқсанды жиынтық бағалауда алған бағалары Online Мектеп электрондық журналының модулінде қойылып, оны әрі қарай педагог өз қалауы бойынша қолдана алады.

Бөлімді және тоқсанды жиынтық бағалауды әзірлеу және ұйымдастыру үшін бірегей құрал – БЖБ мен ТЖБ конструкторы пайдаланылады.

5. ОҚУ ЭКОЖҮЙЕСІ РЕТІНДЕГІ ONLINЕМЕКТЕП МҮМКІНДІКТЕРІ

Online Мектеп қашықтан оқытуды іске асыруға мүмкіндік береді:

- синхронды формат;
- асинхронды формат;
- аралас оқыту.

Синхронды форматта оқыту платформадағы «Экранды бөлісу» (мұғалім экранындағы материалдарды оқушыларға көрсету), «Қол көтеру» (оқушыларға тікелей эфирде сұрақ қоюға немесе жауап беруге мүмкіндік беру), «Чат ашу» (сабақ кезінде хабарлама жіберу) секілді қосымша функциялары бар құралды пайдалана отырып, нақты уақыт режимінде видеоконференция арқылы мұғалімнің оқушылармен тікелей байланыс

жасауын (стриминг) көздейді. Педагог алдын ала оқу материалдарын дайындауға, синхронды сабақ өту уақытын белгілеуге, сынып оқушыларына шақыру (сабақтың сілтемесін) жіберуге мүмкіндік алады.

Бұл ретте оқу күні/аптасы/жылы ішінде синхронды және асинхронды форматтағы сабақтар кезектесіп келуі мүмкін болғандықтан, оқушыларға шамадан тыс жүктеме беруді болдырмау мақсатында, сабақ кестесі МЖМБС-ға, Үлгілік оқу жоспарларына, бір мектептің барлық сыныбына арналған бағдарламалар мен педагогтердің оқу жүктемесіне сай жасақталады.

Сабақтың **асинхронды форматы** оқушының кейін мұғаліммен кері байланыс жасай отырып, өз бетінше оқуына арналған платформаның дайын цифрлық сабақтарын немесе өзінің қосымша материалы (оқулық, презентация, үйрететін видео және т.с.с.) мен оқу тапсырмаларын беру арқылы мұғалімнің оқушылармен өзара қарым-қатынас жасауын көздейді.

Аралас оқыту асинхронды және синхронды форматтарды қамтиды. Бұл – синхронды және асинхронды оқудың артықшылықтарын тоғыстырып, кемшіліктерін жоюға мүмкіндік беретін қашықтан оқытудың онтайлы нысаны

Online Мектеп оқушылардың **өз бетінше білім алуын** іске асыруға:

- пандемия, эпидемия, карантин, әртүрлі табиғи өзгерістер мен катаклизмдер кезінде оқытуды жүзеге асыруға;
- сырқаттану, конкурстарға қатысу себебінен сабаққа қатыспаған, үйден оқыған кезеңде оқу бағдарламасын меңгеруге;
- жіберілген олқылықтардың орнын толтыру мақсатында демалыс уақытында өткен материалды қайталауға мүмкіндік береді.

Оқушылар дербес компьютерлерінде, ноутбуктарында, планшеттерінде теориялық материалды оқып, тапсырмаларды орындайды, кейде ұялы телефонды да қолдана алады.

6. ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1. Қашықтан оқыту Online Мектеп онлайн платформасын пайдалана отырып, мұғалімнің қатысуымен не қатысуынсыз, Үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі – ҰОЖ) және Күнтізбелік-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – КТЖ), сабақ кестесіне сәйкес өткізіледі.

2. Online Мектеп базасында қашықтан оқыту жас ерекшеліктерін, тілдік және оқу қажеттіліктерін ескере отырып, 1-11-сынып оқушыларына қолданылады.

3. Online Мектеп-пен қашықтан оқыту шеңберінде оқу бағдарламасын игеру онлайн немесе офлайн режимде жүзеге асуы мүмкін, сондай-ақ оқушылардың пәнді немесе бүкіл оқу бағдарламасын өз бетінше оқуы да қарастырылған.

4. Мұғалім сабақты трансляциялау мүмкіндігі бар **Видеоконференция** модулінің функциясы арқылы онлайн режимде оқушылармен сабақ өткізеді. *Мейлінше егжей-тегжейлі жазылған сабақ өткізу жоспарымен танысу үшін 2-қосымшаны қараңыз.*

5. Мұғалім оқу мақсатына сәйкес дайын цифрлық сабақты пайдаланады және, қажет болса, сабаққа өзінің қосымша материалдарын (нұсқаулықтар, тапсырмалар, ресурстар және т.с.с.) жүктейді. Бұл ретте мұғалім онлайн режимде сабақ өткізу үшін және кейінірек консультациялық қолдау көрсету үшін осы уақыт ішінде байланыста болуы тиіс.

6. Онлайн режимдегі сабақтардың ұзақтығы 15 минуттан 30 минутқа дейін созылады.

7. Онлайн режимдегі видеоконференция форматындағы сабақтар кестеге сәйкес барлық пән бойынша өткізіледі.

8. «Өзін-өзі тану», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәндерін, сондай-ақ гимназиялық/лицейлік компонент пәндерін және т.с.с. мұғалім қосымша материалдар мен конструкторда құрастырылған өз сабақтарын қолдана отырып, өз бетінше оқытады.

9. Онлайн режимінде оқушылардың сабаққа қатысуы сабақ басында белгіленеді. Үзіліске кеткен уақытты есепке алмағанда, сабақ(тар) басталған сәттен сабақ(тар) аяқталған сәтке дейін платформада онлайн режимде өткізген уақыты оқушының сабаққа қатысуы болып есептеледі. Сабаққа қатыспау себебін (техникалық келеңсіздіктер, интернеттің болмауы, оқушы денсаулығының жай-күйі, байқамай сабақты өткізіп алу) мұғаліммен/мектеп өкілімен бірге анықтау үшін, оқушы қатыспаған сабақ санын мұғалім мониторинг модулінен көре алады.

10. Қашықтан оқытуды ұйымдастыру кезінде санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтау талап етіледі, оны мектеп әкімшілігі оқушылардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) хабарлауы тиіс.

11. Қосымша оқу тапсырмалары, тапсырмаларды орындау және оқушылардың оқу нәтижелерін шығару мерзімдері Сабақ кестесіне сәйкес айқындалады. Консультациялардың күні мен уақыты қажеттілігіне қарай қосымша анықталады.

13. Онлайн режимде жұмыс істеу кезінде оқушылардың осы Нұсқаулыққа 1-қосымшада көрсетілген қауіпсіздік ережелерін сақтауы ұсынылады.

Мектеп әкімшілігінің (директор, директордың орынбасары) жұмысын ұйымдастырудағы Online Mектеп сервисінің мүмкіндіктері

1. Барлық қажет талаптың негізінде және оларды ескере отырып, мектептің онлайн кестесін құру.

2. Оқу жүктемесін ескере отырып, әр сыныпты мектеп педагогтері мен мектептің бірыңғай кестесіне бекіту.

3. Барлық мектеп оқушысының үлгерімін мониторингілеу статистикасын алу.

Мұғалімнің, сынып жетекшісінің жұмысын ұйымдастырудағы Online Мектеп сервисінің мүмкіндіктері

Мұғалім үшін:

1. Сабақты нақты уақыт режимінде онлайн өткізу (синхронды оқыту) және оқушылармен ыңғайлы уақытта және қарқынмен қарым-қатынас жасау (асинхронды оқыту).
2. Кестеге пән бойынша өз сабақтарын қосу.
3. Пән бойынша құрылған КТЖ пайдалану, өзгеріс енгізу мүмкіндігі.
4. Сыныптардың үлгеріміне мониторинг жасау, Excel форматында жүктеп алу мүмкіндігімен бағаларды Сынып журналына көшіру.
5. Онлайн сабақ өткізу үшін Online Мектеп сервисінің барлық функциясын, атап айтқанда: мазмұнды (дайын контент), чатты (сабақты талқылау), мониторингіні (сыныптың оқу нәтижелерін әп-сәтте көрсету), видеоконференцияны (сабақты трансляциялау үшін) пайдалану.
6. Ортақ/жеке чат арқылы сынып оқушыларымен тығыз қарым-қатынас жасау.
7. Сабақтар мен жиынтық бағалауды (БЖБ/ТЖБ) әзірлеу конструкторы.
8. Тәжірибе алмасу және оқу процесінде қолдану мүмкіндігін беретін НЗМ және Қазақстанның үздік мұғалімдері әзірлеген дайын ТЖБ қоры.

Сынып жетекшілері үшін:

1. Сынып тізімін жасақтау (оқушыларды қосу/өшіру/күпиясөзді қайтару).
2. Оқушыларды кестеге және пәнге сәйкес топтарға/кіші топтарға бөлу.
3. Сынып үлгерімінің мониторингі, Excel форматында жүктеп алу мүмкіндігімен бағаларды Сынып журналына көшіру.
4. Ортақ/жеке чат арқылы ата-аналармен/оқушылармен тығыз қарым-қатынас жасау.
5. Онлайн сынып сағаттарын өткізу.

Оқушының жұмысын ұйымдастырудағы Online Мектеп сервисінің мүмкіндіктері

1. Нақты уақыт режиміндегі оқу (синхронды оқыту) әрі мұғаліммен ыңғайлы уақытта және қарқынмен қарым-қатынас жасау (асинхронды оқыту).
2. Ортақ/жеке чат арқылы мұғаліммен тығыз қарым-қатынас жасау.
3. Озық оқу – кез келген пән бойынша белгілі бір сабақты өз бетінше оқу мүмкіндігі.
4. Оқу нәтижелерін балл түрінде әп-сәтте алу.
5. Сараланған оқу – әртүрлі деңгейдегі интерактивті тапсырмаларды орындау.
6. Формативті және жиынтық бағалау.

Онлайн оқу бойынша оқушыларға ұсынымдар

1) Кестеге сәйкес Online Мектеп платформасында және қосымшасында онлайн режимде сабаққа қосылу және себепсіз сабақты қалдырмау.

2) Online Мектеп жүйесінде тапсырмаларды, үй жұмыстарын, жиынтық жұмыстарды уақытылы орындау.

3) Мұғалімдердің нұсқауларын қатаң сақтау, бөгде әрекеттерге (телефонға, ойынға, әңгімеге) алаңдамау.

4) Тұрақты түрде бүкіл сабақ бойы онлайн режимде сабаққа қатысу (15-30 минут).

5) Күтпеген мәселелер (интернеттің ажырауы, ДК не басқа да құрылғылардың болмауы не зақымдану, сырқаттану және т.с.с.) туындаған жағдайда бұл жайлы сынып жетекшісіне немесе мұғалімге хабарлау.

Ата-аналарға баласын онлайн оқыту бойынша ұсынымдар

1) Онлайн режимдегі сабақты сапалы ұйымдастыру үшін жағдай жасау (ноутбук/дербес компьютер; интернетке қосылу; құлаққап, микрофон, тінтуір; оқуға ыңғайлы орын (бөлмеде тыныштық сақтау, жарықтың жақсы түсуі).

2) Сабақ кестесімен танысу және ұстану.

3) Online Мектеп-тегі сабақ кестесіне сәйкес оқушының сабаққа қатысуын қамтамасыз ету.

4) Оқушының барлық тапсырманы орындауын бақылау.

5) Оқушының толыққанды тамақтануын ұйымдастыру (таңғы ас, түскі ас, кешкі ас).

6) Санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтау (бөлмені желдету және т.с.с.).

7) Оқушының компьютер алдында уақыт өткізуін шектеу (компьютерді тек оқу мақсатында қолдану, видеоойын ойнауын, әлеуметтік желілер мен чаттарды қарауын болдырмау). Тұрақты түрде көзге арналған жаттығуларды жасау.

8) Оқушының үйде болуы арқылы қауіпсіздігін қамтамасыз ету (бірге уақыт өткізу, тапсырмалар орындау, қосымша ақпарат алу және т.с.с. үшін оқушылардың жиналуына жол бермеу).

* Online Мектеп сервисі және оқушылардың ата-аналарына арналған қосымша ұсынымдар туралы ақпарат *3-қосымшада* берілген.

7. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша

Компьютермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелері

1. Монитор оқушының бетінен 50-60 см алыс және қолданушы кескінді аздап жоғарыдан көруі үшін көлбеу орналасуы тиіс. Жұмыс орны экран шағылыспайтындай етіп жарықтандырылуы керек. Әлсін-әлсін көзді ылғалдандыратын тамшыларды қолданған жөн.

2. Үстел мен орындықтың биіктігін оқушының бойына қарай, үстелде қолы білегімен бұрыш жасап жатпайтындай етіп таңдау керек. Ал табаны еденге толық тиіп тұруы тиіс.

3. Жұмыс орнының айналасында сымдар мен кабельдер бей-берекет жатпауы тиіс. Компьютердің шаңын сүрту үшін оны электр желісінен ажырату керек.

4. Тінтуір мен пернетақтаның үстін ұдайы дезинфекциялаушы ерітіндімен немесе ылғал майлықпен сүртіп тұру қажет.

2-қосымша

Online Mектеп-те синхронды сабақ өткізу жоспары

1. Сабақты жоспарлаған кезде сабақтың әр кезеңінің уақытын, мазмұнын, күтілетін ең төменгі нәтижелерді, пайдаланылатын сервистерді (АКТ құралдарын) айқындау.

2. Online Mектеп платформасына (Onlinemektep.org) кіру. Online Mектеп-ке қосылу үшін мектеп әкімшісіне (немесе мектептегі оқу процесін ұйымдастыруға жауапты өзге тұлғаға) жүгіну.

3. Платформаға кірген соң мұғалімнің басты бетіне өту.

4. Сабақ кестесі бөлімінде сабақ өтетін пәнді, сыныпты таңдау. Сабақ мазмұнын алдын ала қарап алуға кеңес береміз.

5. Сыныптың/топтың барлық оқушысына сілтеме түрінде шақыру жібере отырып, «Видеоконференция» сабағы бөліміне өту және сабақтың өтетін уақытын (алдын ала) белгілеу.

6. «Сабаққа шолу» бөлімінде сабақтың тақырыбын жаңарту, оқу мақсатын белгілеу.

7. Дайын бейнематериалды, конспектіні немесе басқа да қосымша ресурсты қолдана отырып, сабақтың тақырыбын түсіндіру.

8. Бүкіл сабақ бойы кері байланыс жасау («Қол көтеру» функциясы немесе сыныппен/топпен чат арқылы).

9. Әрбір оқушының тақырыпты қаншалықты түсінгенін анықтау мақсатында сабақтың практикалық бөлігін өткізу. Сабақтың практикалық бөлігін өткізу кезінде

тапсырмаларды саралай отырып, тапсырмалардың түрлері мен деңгейлерін айқындай отырып, сыныптағы/топтағы оқушылардың ерекшеліктерін ескеру.

10. Практикалық тапсырмаларды орындау кезінде оқушылар үлгерімінің мониторингін бақылау.

11. Сабақты қорытындылау.

12. Үй/оқу тапсырмасын орындау бойынша түсініктеме беру.

Online Mектеп-те асинхронды сабақ өткізу бойынша ұсынымдар

1. Сабақты жоспарлаған кезде сабақтың мазмұнын, күтілетін ең төменгі нәтижелерді, пайдаланылатын сервистерді (АКТ құралдарын) айқындау .

2. Online Mектеп платформасында (Onlinemektep.org) нақты сыныпты, пәнді және тақырыпты таңдау. Қажет болған жағдайда өз материалын қосу/пайдалану.

3. Сыныптың/топтың оқушыларына сол сабақтың сілтемесін жіберу және олардың кестесінде өткізуді қалайтын күнін көрсете отырып сабақтың түрін (асинхронды) белгілеу.

4. Оқушылардың осы сабақты өз бетінше оқуы бойынша, сондай-ақ үй/оқу тапсырмасын орындауы бойынша (егер бар болса) түсініктеме беру.

3-қосымша

Ата-аналарға арналған ұсынымдар

OnlineMektep.org платформасында қалай оқу керек?

Online Mектеп деген не?

Online Mектеп-те бірінші тоқсанда қазақ және орыс тілдерінде 42 пән бойынша 5700-ге жуық сабақ пен 140 000-нан аса тапсырма берілген. Материалдар бастауыш және орта білім берудің МЖМБС-ға сай, оларды «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының үздік ұстаздары әзірледі. Барлық тапсырма жаңартылған білім беру мазмұнын ескере отырып әзірленген, сондай-ақ практикалық өмірлік жағдайларға бейімделген.

Online Mектеп оқушыға не береді?

- Өмірден алынған нақты мысалдармен байланысты бірегей интерактивті тапсырмалар;
- Лездік нәтиже мен кері байланыс;
- Ем қабылдау немесе оңалту кезеңінде оқылмаған сабақтарды оңай қуып жету тәсілі;
- Цифрлық ортада оқу дағдысын, сондай-ақ цифрлық құрылғыларды пайдалы қолдану дағдысын қалыптастыру;
- Өз бетінше жұмыс істеу және оқу дағдысы.

Online Мектер-те қалай оқу керек?

Online Мектер – қашықтан оқытуды ұйымдастыруға – мұғалім мен оқушының алыстан қарым-қатынас жасауына арналған платформа.

Қашықтан оқытудың екі түрі бар: **СИНХРОНДЫ** (нақты уақыт режиміндегі сабақ) және **АСИНХРОНДЫ** (өз қарқынымен оқу).

Синхронды оқытудың артықшылықтары:

- Балаңыздың мұғаліммен жеке қарым-қатынас жасауы.
- Мұғалім балаңыздың сұрақтарына жылдам жауап беріп, сабақтың тақырыбын түсінуге көмектеседі.
- Нақты сабақ кестесі баланы тәртіпке үйретеді.

Синхронды оқытудың кемшіліктері:

- Интернет байланысымен проблема туындауы мүмкін.
- Белгіленген уақытта, кесте бойынша байланысқа шығу қажеттілігі.

Online Мектер-те қашықтан оқытуды синхронды форматта да, асинхронды форматта да өткізуге болады. Сондай-ақ ем қабылдауы қажет болған жағдайда, оқудағы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында, Балаңыз үйде немесе демалыс кезінде өз бетінше оқи алады.

Асинхронды оқытудың артықшылықтары:

- Үнемі мұғаліммен байланыста болудың қажеті жоқ.
- Балаңыздың материалдарды зерделеуге көп уақыты болады және өз қарқынымен оқуға мүмкіндік алады.

Асинхронды оқытудың кемшіліктері:

- Мұғаліммен нақты уақыт режиміндегі жеке қарым-қатынастың болмауы.
- Бала сол сәтте сұрақ қоя алмайтындықтан, материалды түсінбеу ықтималдығы артады.

Қашықтан оқыту үшін балаға қалай көмектесу керек?

1. Балаңызбен жаңа күн тәртібін талқылаңыз, қашықтан оқуға ыңғайлы орын мен жұмыс құрылғысын белгілеп беріңіз.
2. Оқу барысында балаңызға үнемі қолдау көрсетіңіз: онлайн сабақтарының кестесі, тапсырмалары жайлы біліңіз, мұғаліммен тығыз қарым-қатынаста болыңыз.
3. Жүктемесіне назар аударыңыз: компьютермен (кез келген басқа құрылғымен) жұмыс істеудің санитариялық-гигиеналық ережелерін сақтаңыз, сондай-ақ бөлмедегі жарықтың дұрыс түсуіне, баланың еңсесін тік ұстауына, баланың көзі мен құрылғы экранының арақашықтығына мән беріңіз.
4. Оқу процесін белсенді ойындармен, жаттығулармен араластыра отырып, баланың режимін реттеуге көңіл бөліңіз.
5. Балаңызды үнемі қолдаңыз, кез келген, тіпті елеусіз табысы үшін мақтаңыз!

Қашықтан оқу форматында балаңызға Сіздің көмегіңіз бен қолдауыңыз қажет болады. Тек сіз бен мұғалімнің арасында әріптестік орнағанда ғана балаңыз оқуда

жоғары нәтижеге қол жеткізеді және қашықтан оқыту форматына көшу қиынға соқпайды.

8. ГЛОССАРИЙ

Осы құжатта мынадай ұғымдар қолданылады:

1. **Асинхронды оқыту** – электрондық платформалардың мүмкіндіктері арқылы мұғалімнің оқушылардың нақты уақытқа байланбаған қарым-қатынас жасауы.

2. **Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын (МЖМБС)** бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің негізгі мазмұнына, оқу жүктемесінің максимал көлеміне, оқушыларды даярлау деңгейіне қойылатын талаптарды сипаттайды.

3. **Қашықтан оқыту** – онлайн және офлайн белсенділіктің әртүрлі элементтерін қамтитын, цифрлық технологиялар арқылы өз бетінше білім алу және дағдыларды меңгеру түрі.

4. **Критерийлік бағалау** – дәл анықталған критерийлер негізінде оқушылардың шын мәнінде қол жеткізген оқу нәтижелерін күтілетін оқу нәтижелерімен салыстыру процесі.

5. **Төңкерілген сынып** – оқушылардың негізгі материалды меңгеруі мектептен тыс, OnlineMekter ресурстарының кешені арқылы дербес жүзеге асатын оқу қағидаты. Күндізгі сабақта мұғалім жеке консультация беретін практикалық қызмет ұйымдастырылады.

6. **Әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар** – оқушылардың қабілеттерін ескере отырып сараланған оқытуды ұйымдастыруға пайдаланылатын, күрделілік деңгейі әртүрлі тапсырмалар.

7. **Оқу нәтижелері** – оқу бағдарламасын меңгерген оқушылардың алған, көрсететін білімінің, іскерліктері мен дағдыларының балмен/бағамен расталған көлемі.

8. **Рубрика (рубрикатор)** – бағалау критерийлеріне сәйкес оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейлерін сипаттау тәсілі.

9. **Синхронды оқыту** – нақты уақыт режимінде оқу.

10. **Аралас оқыту** – оқу процесінің үздік нәтижелеріне қол жеткізу үшін әртүрлі ресурстарды комбинациялау мүмкіндігі бар, онлайн және офлайн оқытуды үйлестірген цифрлық білім беру ортасы.

11. **Жиынтық бағалау** – белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан, оқу жылы) аяқталғанда, сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (өтпелі тақырыптарды) бітіргенде жүргізілетін бағалау түрі. Қойылатын балдардың негізінде оқу кезеңі мен оқу жылы үшін бағалар автоматты түрде есептеледі.

12. **Үлгілік оқу бағдарламасы (ҮОБ)** – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының негізінде әзірленетін, үлгілік оқу жоспарының міндетті компоненті пәнінің мазмұнын, оқу көлемі мен тәртібін айқындайтын, игерілуі қажет негізгі білім, іскерліктер, дағдылар мен құзыреттер аясын, ұсынылатын әдебиетті көрсететін және Қазақстан Республикасының білім саласындағы уәкілетті органы бекітетін құжат.

13. Формативті бағалау – үздіксіз жүргізілетін, мұғалім мен оқушының арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін және оқу процесіне уақытылы түзету енгізуге мүмкіндік беретін бағалау түрі.

14. Цифрлық білім беру ресурстары (бұдан әрі – ЦБР) – меңгеретін пән бойынша интерактивті нысанда оқытуды қамтамасыз ететін дидактикалық материалдар: видео, аудиофайлдар, құжаттар, презентациялар мен өзге де цифрлық оқу материалдары.